

Железин ауданы Веселорощин ауылдық округінің Веселая Роцца ауылында көшені қайта атау туралы

Павлодар облысы Железин ауданы Веселорощин ауылдық округ әкімінің 2020 жылғы 17 қыркүйектегі № 8 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 22 қыркүйекте № 6952 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Веселорощин ауылдық округінің Веселая Роцца ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2019 жылғы 13 желтоқсандағы облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде, Веселорощин ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Железин ауданы Веселорощин ауылдық округінің Веселая Роцца ауылында "Суворов" көшесі "Баян батыр" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Веселорощин ауылдық округінің әкімі

С. Исенова